ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА

ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

030010, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40
тел: 54-59-08, факс 54-69-50

030010, город Актобе, проспект Абылхайр хана, 40
тел: 54-59-08, факс 54-69-50

«26» тамыз 2019 ж.
№ 10-08/2251

«VIP Stroy Astana» ЖШС

№3477277-2 «Шалқар ауданындағы электр беру желілерін техникалық қамтамасыз ету және күтіп ұстау», ұйымдастырушы «Шалқар аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесіндегі сатып алу комиссияларының шешіміне қарсы жазылған «VIP Stroy Astana» ЖШС-нің 2019 жылғы 8 тамыздағы №51995 шағым хаты бойынша көрсетілген бұзушылықтардың ішінара расталғандығын және анықталған бұзушылықтарды жою мақсатында конкурсты ұйымдастырушыға хабарлама жолданғандығын хабарлайды.

Жұмысшылардың сақтандырылуы бойынша

ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434 «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 9-бабында әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптары көрсетілген. Аталған талапта «Жұмысшылардың сақтандырылуы» бойынша біліктілік талаптары қарастырылмаған. Демек, конкурсты ұйымдастырушымен Заңның 9-бабы 2-тармақшасы «Осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген: 1) мемлекеттік сатып алуға әлеуетті өнім берушілердің қатысуын шектейтін және негізсіз күрделендіретін; 2) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау қажеттігінен тікелей туындамайтын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді» талабы бұзылған.

Сонымен қатар, ҚР ҚМ 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 150-тармағында жұмысшылардың сақтандырылмауы себебі бойынша әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін қабылдамау қарастырылмаған.

Автокөліктерді жалға алу шартында мөрдің басылмауы бойынша

Камералдық бақылау барысында әлеуетті өнім беруші конкурстық өтінімінде «БЕКА ҚҰРЫЛЫС» ЖШС-і автокөліктерді жалға алу шартын орналастырғаны және аталған шарт жеке тұлғалармен (азаматтармен) жасалынғандығы анықталды. Демек, шарт жеке тұлғалармен жасалынғандықтан мөр басылмаған.

Измеритель сопротивления заземления аспабы бойынша

Конкурсты ұйымдастырушы конкурс құжаттамасының техникалық ерекшелігінде Измеритель сопротивления заземления аспабының болуы жөнінде әлеуетті өнім берушілерге талап қойған. «VIP Stroy Astana» ЖШС-нің конкурстық өтінімін зерделеу барысында біліктілігі туралы мәліметінде Измеритель сопротивления заземления аспабының бар екендігі жөнінде мәлімет бар екендігі анықталды.

Дегенмен, «VIP Stroy Astana» ЖШС-і аталған аспаптың меншік иесі екендігін растамаған.

Алайда, ҚР ҚМ 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қағидасының конкурстық құжаттамаға 6-қосымшасына сәйкес меншік құқығын растаушы құжаттар қоса берілуі қажет еді.

Демек, конкурстық комиссиямен аталған себеп бойынша «VIP Stroy Astana» ЖШС-нің конкурстық өтінімі заңды түрде қабылданбаған.

Ескерте кететін мәлімет, камералдық бақылау «Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының» 19-тармағының 2 абзацына сәйкес жүргізілді.

Егер де Сіз шағым бойынша берілген жауапқа қанағаттанбаған жағдайда ҚР 2007 жылғы 12 қаңтарындағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12, 14 – баптарына сәйкес жоғарыда тұрған ұйымға немесе сотқа шағымдануға құқылы екендігіңізді есіңізге саламыз.

Сонымен қатар, ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47-бабының 9-тармағына сәйкес осы бапта көзделген, дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Департамент басшысының
орынбасары **К.Х.Тайшыков**

исп.Алматов Д
Тел 54-41-76